

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1795. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.18. N 1548 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 40 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне төрағаның 1 орынбасарын, сондай-ақ саны 7 адам алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және

сертификаттау жөніндегі орталық аппараты үшін 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1125 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1795 қаулысына
Қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.08.06.
N 973 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Мемлекеттік стандарттау жүйесі мен заң шығару метрологиясы
басқармасы

Стандарттарды мемлекеттік қадағалау және лицензиялау
басқармасы

Қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы

Кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі